

2021-2023 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы

Жобаның атауы: AP09259047 Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру – адами капиталды дамыту кілті.

Жобаның жалпы қаржысы: 22 874 423 теңге.

Жоба жетекшісі: п.ғ.к., доцент Ниязова Гүлжан Жолаушықызы.

Тақырыптың өзектілігі: Бұл жоба мұғалімдердің кәсіби тұрғыда цифрлық білім беру ортасы мен білім берудің цифрлық контенттерін құру дайындығын, цифрлық технологияларға негізделген білім беру технологияларын кешенді іске асыру мен желілік коммуникативтік дағдыларды жетілдіруді, ақпараттық құқық және ақпараттық қауіпсіздік бойынша білімдерді қамтитын цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруды көздейді.

Жоба білім беру жүйесін цифрландыру мен әлемдік білім қоғамына интеграциялануда пайда болған *келесі проблемаларды шешуге бағдарланған:*

1. Мұғалімдердің білім беруде цифрлық технологияларға негізделген оқыту әдістерін іске асыру (аралас оқыту технологиясы, мобильді оқыту, стримингтік оқыту, жаппай ашық онлайн оқыту, цифрлық сторителлинг, геймификация) белсенділігінің төмендігі;

2. Мұғалімдердің білім беруге арналған цифрлық білім беру орталарын (пәндік-әдістемелік сайттарды құру, виртуальды сынып және т.б.), цифрлық оқыту ресурстарын (скринкаст, подкаст, ментальды карталар, -аудио, -видео контенттерді құру және өңдеу, анимациялық презентациялар, инфографика және т.б.) құру, тарату және өңдеу жұмыстарын іске асыру деңгейлерін жоғарылату қажеттілігі;

3. Білім берудегі бұлттық технологиялар қызметтері мен әлеуметтік желілердің білім берудегі әлеуетін тиімді пайдалану бойынша әдістемелік дайындықтары жеткіліксіз;

4. Мұғалімдердің оқушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қалыптастыру бойынша әдістемелік дайындықтары деңгейін арттыру;

5. Білім беруде заманауи бағдарламалау технологияларын, 3D визуализацияны, виртуалды шындықты (VR), қосымша шындықты (AR), аралас шындықты (MR) және мобильді оқытудың жеткіліксіз пайдаланылуы;

6. Мұғалімдердің желілік коммуникативтік дағдыларын, желілік ресурстарды алу және пайдаланудағы цифрлық құқық бағытында біліктілік деңгейін жоғарылату қажеттілігі.

«Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру- адами капиталды дамыту кілті» атты жоба аясында жоғарыда аталған проблемалардың шешілуі Ғаламдық білім қоғамына қадам басқан қоғамның өз деңгейінде дамуына ықпал етеді. Цифрлық технологиялар арқылы мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру бағытында жүргізілетін зерттеулер отандық педагогика ғылымының деңгейін жоғарылатып, білім беру мен тәрбие ісінің деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Тақырыптың мақсаты: Цифрлық білім беру ортасын және білім беру цифрлық контентін құруға дайындықты, цифрлық технологияларға

негізделген білім беру технологияларын кешенді іске асыруды, желілік коммуникациялық дағдыларды және ақпараттық құқық пен ақпараттық қауіпсіздік туралы білімді жетілдіруді қамтитын мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыра отырып, адами капиталды дамыту.

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:

1. Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі;
2. «Біліммен цифрлық болашаққа» атты ақпараттық жүйе;
3. Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Russian Science Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда 1 (бір) мақала; БҒСҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда 2 (екі) мақала;
4. «Цифрлық педагогика» (72 сағат) және «Бағдарламалаудың заманауи технологиялары (Python бағдарламалау тілі, Java технологиясы)» (72 сағат) атты қашықтықтан біліктілік жетілдіру курстары бойынша Түркістан облысы мектептерінен 2500 мұғалімнің біліктілігін жетілдіру;
5. Білім беруде цифрлық технологияларды пайдалануға мұғалімдердің ынтасын арттыру және цифрлық білім беруді насихаттау бойынша қашықтықтан ғылыми-әдістемелік іс-шаралар кешені.
6. «Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» атты монография, пайдаланушыларға арналған «Python бағдарламалау тілі», «Цифрлық педагогика» оқу құралдары.

Зерттеу тобының мүшелері:

№	Аты-жөні	Scopus Author ID	Researcher ID	ORCID	Ескерту
1	Ниязова Гүлжан Жолаушқызы	https:// www.scopus.com/ authorid/detail.uri? authorId=55822416800	55822416800	0000-0003- 2918-0829	жоба жетекшісі П.Ф.К., доцент
2	Беркімбаев Камалбек Мейірбекұлы	https:// www.scopus.com/ authorid/detail.uri? authorId=55599395600	55599395600	0000-0002- 5191-8140	бас ғылыми қызметкер П.Ф.Д., профессор
3	Сапарходжаев Нұрбек Пажарбекұлы	https:// www.scopus.com/ authorid/detail.uri? authorId=26531825600	26531825600	0000-0002- 9204-5374	бас ғылыми қызметкер PhD, доцент
4	Абдрахманов Рустам Бахтиёрұлы	https:// www.scopus.com/ authorid/detail.uri? authorId=57222085447	57222085447	0000-0001- 5410-8509	бас ғылыми қызметкер техн.Ф.К., доцент
5	Қошанова Гүлназира	-	-	0000-0002- 5990-1490	бас ғылыми қызметкер

	Данебекқызы				п.ф.к., аға оқытушы
6	Мауленов Сержан Сейтұлы	https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57211268086	• 57211268086	0000-0001-5979-5846	жетекші ғылыми қызметкер, аға оқытушы
7	Давлетова Венера	-	-	0000-0002-2938-6168	жетекші ғылыми қызметкер, аға оқытушы
8	Искендірова Гүлзипа Сарыбайқызы	-	-	0000-0002-8102-261X	жетекші ғылыми қызметкер, магистр оқытушы
9	Елтаев Ашир Өмірханұлы	-	-	0000-0002-8879-3513	Ғылыми қызметкер
10	Дуйсенбай Фариза Мұхтарқызы	-	-	0000-0002-4152-3153	Ғылыми қызметкер, магистрант

2021 жылдың күнтізбелік жоспарына сәйкес жарияланған жұмыстардың тізімі

1. Berkimbaev K.M., Niyazova G.Zh. The importance and models of forming the digital competence of teachers // Вестник Карагандинского университета. Серия Педагогика. - 2021. № 3(103). - С.124-133. (<https://pedagogy-vestnik.ksu.kz/apart/2021-103-3/15.pdf>).

2. Беркимбаев К.М., Сапарходжаев Н.П., Ниязова Г.Ж., Давлетова В.М. Information technologies in education: учебное пособие. -180 с.

3. Ниязова Г.Ж. Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың диагностикалау әдістемелері // Ы. Алтынсарин және ағартушылық тағылым: тарихи өзегі, танымдық өрісі, заманауи өрнегі: Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары / Қостанай қ. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2021. –Б. 178-181. (<https://kostanaytv.kz/kz/news/education/ybyrai-altynsarinnin-180-zhyldygyna-arnalghan-gylymi-konferenciya>).

4. Кошанова Г.Д. Цифрлық білім беру ортасы жүйесіндегі педагогикалық технологияларды талдау // Наука, и образование в современном мире: вызовы XXI века: Материалы IX Международной научно-практической конференции, Нұр Сұлтан қ., 2021. –Б. 69-73 (<https://www.kgu.kz/ru/node/3386>).

5. Ниязова Г., Дуйсенбай Ф. Дидактические возможности образовательных технических средств и информационных ресурсов //

Научный форум: Педагогика и психология: сб. ст. по материалам ЛШ
международ. науч.-практ. конф. М.: Изд. МЦНО, 2021. – С.4-14.
(https://nauchforum.ru/files/2021_08_02_ped/8%2853%29.pdf).